DAMU

жылдық есеп / годовой отчет

2010

# «ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

## 2010 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

# ГОДОВОЙ ОТЧЕТ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ФОНД РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА «ДАМУ»

## ЗА 2010 ГОД

Алматы қ. **2011** г. Алматы

# МАЗМҰНЫ


| | |
|---|---|
| ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ | 4 |
| ҚОР БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ | 8 |
| I. ҚОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ | 13 |
| II. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ | 33 |
| III. ҚОР ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ | 69 |
| IV. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕРІ | 79 |
| V. ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ БИЗНЕС-БАҒЫТТАРЫ | 85 |
| VI. ҚОРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ | 109 |
| VII. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ | 113 |
| VIII. МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ | 123 |

# СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|---|---|
| ОБРАЩЕНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ ФОНДА | 6 |
| ОБРАЩЕНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ ФОНДА | 10 |
| I. ИНФОРМАЦИЯ О ФОНДЕ | 13 |
| II. КОРПОРАТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ | 33 |
| III. СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ ФОНДА | 69 |
| IV. ОСНОВНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФОНДА | 79 |
| V. ОСНОВНЫЕ БИЗНЕС-НАПРАВЛЕНИЯ ФОНДА | 85 |
| VI. МЕЖДУНАРОДНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ФОНДА | 109 |
| VII. КОНСОЛИДИРОВАННАЯ ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ | 113 |
| VIII. АДРЕСА И КОНТАКТЫ | 123 |

**«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ**
**Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі,**
**«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ**
**Директорлар кеңесінің Төрағасы**

**Қ.М. ӘЙТЕКЕНОВ**

Управляющий директор-Член Правления
АО «Фонд национального благосостояния
«Самрук-Қазына», Председатель
Совета директоров АО «Фонд развития
предпринимательства «Даму»

К.М. АЙТЕКЕНОВ



**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Өткен 2010 жыл экономикалық даму жөніндегі мемлекеттік саясаттың дағдарысқа қарсы бағыттан ұзақ мерзімді өсімге бағыт алынғандығын көрсететін бірқатар елеулі іс-шаралардың орын алуымен ерекшеленді.

«Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2020 жылға дейін даму міндетін, соның ішінде экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға дайындау, инфрақұрылымды үдемелі индустрияландыру және дамыту есебінен экономиканың орнықты өсіміне қол жеткізу міндетін қойды.

Елбасы қойған міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен оның еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының 2010–2014 жж. арналған мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын іске асыруға белсенді кірісті.

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2010 жылдың сәуір айынан «Бизнестің жол картасы-2020» Мемлекеттік бағдарламасының қаржы агенті ретінде жұмыс істей бастады. «Даму» Қоры жүктелген қызметтің шеңберінде кәсіпкерлердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялап, несие алған уақытта кәсіпкерлерге банктердің алдында кепілдіктер береді. Осымен бірге, Қазақстан Үкіметі 2010 жылдың желтоқсан айында шеңберінде кәсіпкерлердің құзыретін арттыратын сан алуан құралдар қарастырылған «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасын «Кәсіпкерлік әлеуетін нығайту» атты төртінші бағытпен толықтырып, «Даму» Қорының кәсіпкерлерге білім беру және кеңес беру арқылы көрсетілетін қолдауды дамыту бастамасын құптады.

Мұнымен қоса, 2010 жылы «Даму» Қоры қаражатты артынан жеке кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіру үшін екінші деңгейлі банктер мен лизингтік компанияларға келісіп орналастыру бағдарламаларын жүзеге асыруын жалғастырды. Бүгінде бұл бағдарламалардың міндеттері орындалды деп нық сеніммен айтуға болады. Бағдарлама аясында 10 мың кәсіпкерге 500 млрд теңгеден астам сомаға қолдау көрсетілді. Бұл бағдарламалардың ауқымды болғандығын 2008–2010 жж. шағын және орта кәсіпкерлікке берілген несиенің 19%-ға жуығы мемлекет қаражатының есебінен қамтамасыз етілгендігі көрсетеді.

Қаржы құралдарының пайдаланылуы мен кәсіпкерлерге қолдау көрсету бағдарламаларының сәтті іске асырылуының арқасында 2010 жылдың қорытындысы бойынша «Даму» Қоры мемлекет қаражатын тиімді басқаратындығын көрсетіп, 14 млрд теңгеден астам мөлшердегі оң нәтижеге қол жеткізді.

2011 жыл оқиғаларға толы жыл болады деп күтілуде: біз Қазақстандағы ШОБ-ты несиелендіру үшін Азия даму банкінен қарыз аламыз деп күтудеміз, шағын қалалардағы ШОБ-ты қаржыландыру бағдарламасы іске қосылады деп жоспарлануда, БҰҰ Өнеркәсіптік даму ұйымымен (UNIDO) Қазақстанда өнеркәсіптік кәсіпкерлікті дамыту орталығын құру мәселесі бойынша келіссөздер жүргізілуде. Мен алға қойылған міндеттердің орындалуы мен жаңа бағдарламалардың енгізілуі Қазақстанның мықты кәсіпкерлік секторының бұдан кейінгі қалыптасуына және дамуына септігін тигізетініне нық сенемін.

**Уважаемые дамы и господа!**

Прошедший 2010 год ознаменовался рядом событий, свидетельствующих о переходе государственной политики по экономическому развитию от антикризисной направленности к нацеленности на долгосрочный качественный рост. В Послании народу Казахстана «Новое десятилетие – Новый экономический подъем – Новые возможности Казахстана» Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев поставил задачи по развитию страны до 2020 года, в числе которых подготовка экономики к посткризисному развитию и достижение устойчивого роста экономики за счет форсированной индустриализации и развития инфраструктуры.

Во исполнение поставленных Главой государства задач АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и его дочерние организации активно включились в реализацию Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010–2014 гг.

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» с апреля 2010 года начал работу в качестве финансового агента Государственной программы «Дорожная карта бизнеса-2020». В рамках возложенных на него функций Фонд «Даму» осуществляет субсидирование процентных ставок по кредитам предпринимателей, а также предоставляет предпринимателям гарантии перед банками при получении ими кредитов. Вместе с этим Правительство Казахстана поддержало инициативы Фонда «Даму» по развитию образовательной и консультационной поддержки предпринимателей, дополнив в декабре 2010 года Программу «Дорожная карта бизнеса-2020» четвертым направлением – «Усиление предпринимательского потенциала», в рамках которого предусмотрен широкий спектр инструментов по повышению компетенции предпринимателей.

Помимо этого, в 2010 году Фондом «Даму» была продолжена реализация действующих программ по обусловленному размещению средств в банках второго уровня и лизинговых компаниях для последующего кредитования субъектов частного предпринимательства. На сегодня

можно констатировать, что задачи данных программ выполнены: поддержку получили более 10 тыс. предпринимателей на сумму свыше 500 млрд тенге. О масштабности данных программ свидетельствует тот факт, что за 2008–2010 годы около 19 % кредитования малого и среднего предпринимательства обеспечено за счет государственных средств.

Благодаря успешной реализации программ по поддержке предпринимателей с использованием финансовых инструментов по итогам 2010 года Фонд «Даму» достиг положительного результата в размере более 14 млрд тенге, демонстрируя эффективное управление государственными средствами.

2011 год обещает быть не менее насыщенным: мы ожидаем привлечения займа Азиатского банка развития для кредитования МСБ Казахстана, планируется к запуску программа финансирования МСБ малых городов, ведутся переговоры с Организацией Объединенных Наций по промышленному развитию (UNIDO) о создании в Казахстане центра развития промышленного предпринимательства. Уверен, что реализация поставленных задач и внедрение новых программ будут способствовать дальнейшему формированию и развитию сильного предпринимательского сектора Казахстана.

**Управляющий директор-Член Правления АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына», Председатель Совета директоров АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»**

**К.М. АЙТЕКЕНОВ**

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқармасының Төрайымы

**Л.Е. ИБРАГИМОВА**

Председатель Правления
АО «Фонд развития
предпринимательства «Даму»

**Л.Е. ИБРАГИМОВА**



**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

Өткен 2010 жыл «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның серпінді дамыған жылы болды деп орынды айтуға болады. Таңдалған стратегияның рет-ретімен жүзеге асырылуы және Қор қызметінің басты бағыттарының толыққанды дамуы бізге өткен жылдың қорытындысы бойынша Қор жүргізіп жатқан кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін, сондай-ақ, мемлекеттің, серіктестер мен жалпы қоғамның бізге деген жоғары сенімін көрсетуге мүмкіншілік берді.

«Даму» Қоры кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 518,5 млрд теңге жалпы сомаға 9 923 жеке кәсіпкерлік жобасы қаржыландырылып, 21 мың жұмыс орны құрылса, 2010 жылы 130,4 млрд теңге жалпы сомаға 2 888 жеке кәсіпкерлік жобасы қаржыландырылып, 5 мың жұмыс орны құрылған болатын.

Біз үшін табыс – күшті және әлсіз тұстарға талдау жүргізуге, күрделілігі жағынан ұқсас міндеттерді шешудің анағұрлым оңтайлы жолдарын іздеуге уәж. Сол үшін 2010 жылы «Даму» Қорының кәсіпкерлікті қолдау саясаты дағдарыстан кейінгі дамуға және кәсіпкерлік секторының орнықты өсуіне барынша ықпалдасуға бағытталып, осы арқылы біз жоспарланған нәтижелерге қол жеткізудің анағұрлым тиімді әдістерін іздеуге кірістік.

Қордың атқарған жұмысының нәтижесінде қол жеткізілген жетістіктер алдымызда 2011 жылы ашылатын үлкен перспективаларды білдіреді – біз жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай демеу көрсетілуіне де, кәсіпкерлерді оқытуға және оларға кеңес беріп қолдау көрсетуге бағытталған бағдарламаларға да мән бере отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлікке қолдау көрсету бойынша орындалатын мемлекеттік бағдарламалардың бас операторы ретінде дамуымызды жалғастыратын боламыз.

Осы мақсатта 2010 жылдан бастап, «Даму» Қоры Қазақстан Республикасының 2010–2014 жж. арналған Мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасын іске асыра бастады. Осы Бағдарламада алғаш рет шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау көрсетуге арналған несиенің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау және несие алған уақытта банктер алдында кепілдік беру сияқты шараларға кешенді тәсіл қолдану қарастырылған. Бағдарлама қорытындысымен 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қор 135 субсидиялау шарты мен 3 кепілдік беру шартын жасасып, жалпы сомасы 91,9 млрд теңгеге 73 жоба субсидияланды.

Бұған қоса, 2010 жылы кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге бағытталған бірқатар жаңа бағдарламалардың, соның ішінде Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасы; «Даму-Аймақтар II» аймақтық жобаларды қаржыландыру бағдарламасы; қаржыландырудың бірнеше нүктелік бағдарламалары; Лизингтік мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасы іске қосылғандығын айтқым келіп отыр. Бұл бағдарламалар бойынша 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайды алсақ, жалпы сомасы 6 251 млн теңгеге 486 қарыз алушыға қолдау көрсетіліп, 1 639 жұмыс орны құрылды.

Тұтастай алып қарайтын болсақ, «Даму» Қорының кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларының іске сәтті асырылуының нәтижесі – Қордың 14 млрд теңге мөлшеріндегі таза кіріске қол жеткізуі болды. Қор мемлекет қаражатын тиімді жұмсай отырып, аймақтардың дамуына, Қазақстан экономикасының әртараптандырылуына және Қазақстанда орта таптың қалыптасуына сүбелі үлесін қосып отыр. Біз бұдан кейін де таңдалып алынған даму стратегиясын рет-ретімен және табандылық танытып өмірге келтіріп, мемлекеттің шағын және орта бизнеске қолдау көрсету саясатын іске асырудағы маңызды миссиясын ұстанамыз.

**Уважаемые дамы и господа!**

Минувший 2010 год можно по праву назвать годом динамичного развития АО «Фонд развития предпринимательства «Даму». Последовательная реализация выбранной стратегии и планомерное развитие ключевых направлений деятельности позволили нам по итогам прошлого года продемонстрировать эффективность проводимых Фондом государственных программ поддержки предпринимательства, а также высокий уровень доверия государства, партнеров и общества в целом.

В ходе реализации государственных программ поддержки предпринимательства Фондом «Даму» на 31 декабря 2010 года было профинансировано 9 923 проекта частного предпринимательства на общую сумму 518,5 млрд тенге и создано около 21 тыс. рабочих мест, в том числе в 2010 году профинансировано 2 888 проектов частного предпринимательства на общую сумму 130,4 млрд тенге, в рамках которых было создано более 5 тыс. рабочих мест.

Вместе с тем успех для нас – это и повод для анализа сильных и слабых сторон, поиска наиболее оптимальных способов решения аналогичных по своей сложности задач. Поэтому в 2010 году политика поддержки предпринимательства Фонда «Даму» была направлена на посткризисное развитие и содействие устойчивому росту предпринимательского сектора – тем самым мы приступили к поиску наиболее эффективных методов достижения запланированных результатов.

Достигнутые результаты работы Фонда говорят о широких перспективах, открывающихся перед нами в 2011 году: мы будем продолжать развиваться как главный оператор государственных программ поддержки предпринимательства в Казахстане, уделяя внимание как финансовой поддержке субъектов частного предпринимательства, так и программам, направленным на обучение и консультационную поддержку предпринимателей.

С этой целью с 2010 года Фондом «Даму» в рамках Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010–2014 годы начата реализация Программы «Дорожная карта бизнеса-2020». Впервые в данной Программе предусмотрен комплексный подход к мерам под-

держки субъектов малого и среднего бизнеса, таким как субсидирование процентных ставок по кредитам и предоставление им гарантий перед банками при получении кредитов. По результатам Программы на конец 2010 года Фондом было заключено 135 договоров субсидирования и 3 договора гарантирования, просубсидировано 73 проекта на общую сумму 91,9 млрд тенге.

Особо хотелось бы отметить, что в 2010 году стартовал ряд новых программ поддержки предпринимательства, в том числе Программа развития женского предпринимательства; Программа финансирования региональных проектов «Даму-Регионы II»; несколько точечных программ финансирования; Программа финансирования лизинговых сделок. По данным программам на 31 декабря 2010 года было поддержано 486 заемщиков на общую сумму 6 251 млн тенге и создано 1 639 рабочих мест.

В целом результатом успешной реализации Фондом «Даму» государственных программ поддержки предпринимателей стало достижение положительного размера чистого дохода в 14 млрд тенге. Эффективно управляя государственными средствами, Фонд вносит существенный вклад в развитие регионов, диверсификацию экономики Казахстана и в формирование казахстанского среднего класса. Мы будем и дальше последовательно и настойчиво приводить в жизнь выбранную стратегию развития и соответствовать возложенной на нас важной миссии по реализации политики государства в области поддержки малого и среднего бизнеса.

**Председатель Правления**
**АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»**

**Л.Е. ИБРАГИМОВА**



«Астана – Бәйтерек» монументі – тәуелсіз Қазақстанның символы

Монумент «Астана – Байтерек» – символ независимого Казахстана

DAMU

КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ҚОРЫ

# Қор туралы мәлімет

## Информация о Фонде

## 1.1. Қор қызметінің негізгі түрлері бойынша нарықта алатын үлесі

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан былай – Қор, «Даму» Қоры) – Қазақстан Республикасындағы (бұдан былай – ҚР) кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы мен экономикалық өсуін ынталандыру, сондай-ақ мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдауға бағытталатын қаржы көздерінің тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында құрылған ұлттық дамыту институты.

«Даму» Қоры кәсіпкерлер мен кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін халыққа сан алуан өнімдері мен қызметтерін, мәселен, екінші деңгейлі банктер (бұдан былай – ЕДБ) арқылы несие беру бағдарламаларын ұсынып, лизингтік мәмілелерді қаржыландырады, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялайды, кепілдік береді, бизнес негіздерін оқытады, кеңес береді, ақпараттық-сараптамалық басылымдарды таратады.

«Даму» Қоры Қазақстанның барлық аймақтарында тың істер атқарады. Қордың аймақтық желісіне барлық облыс орталықтарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында орналасқан 16 филиал кірді. Бұдан басқа, Қор оқыту және кеңес беру бағдарламаларының шеңберінде Қазақстанның бүкіл 209 қаласы мен аудандарындағы халықты жұмылдырады.

«Даму» Қорының жалғыз акционері болып, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ – ұлттық басқарушы холдингі табылады. 2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор активтерінің мөлшері 218,5 млрд теңгені, меншікті капитал – 44,5 млрд теңгені құрады.

Қазақстандағы шағын және орта бизнесті (бұдан былай – ШОБ) қолдау ісінде «Даму» Қорының он жылдан астам

## 1.1. Рыночная доля Фонда по основным видам деятельности

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» (далее – Фонд, Фонд «Даму») – национальный институт развития, созданный с целью стимулирования становления и экономического роста субъектов предпринимательства в Республике Казахстан (далее – РК), а также повышения эффективности использования финансовых средств государства, направляемых на поддержку предпринимательства.

Фонд «Даму» предлагает широкий спектр продуктов и услуг для предпринимателей, а также населения с предпринимательской инициативой: программы кредитования через банки второго уровня (далее – БВУ), финансирование лизинговых сделок, субсидирование процентных ставок, гарантирование, обучение основам бизнеса, консультационная поддержка, распространение информационно-аналитических материалов.

Фонд «Даму» представлен во всех регионах Казахстана. Региональную сеть Фонда составляют 16 филиалов во всех областных центрах, а также в городах Астана и Алматы. Кроме этого, в рамках обучающих и консультационных программ Фонд обеспечивает охват аудиторий во всех 209 городах и районах Казахстана.

Единственным акционером Фонда «Даму» является национальный управляющий холдинг АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына». По состоянию на 31 декабря 2010 г. размер активов Фонда составлял 218,5 млрд тенге, собственный капитал – 44,5 млрд тенге.

Фонд «Даму» имеет более чем десятилетний опыт по поддержке малого и среднего бизнеса (далее – МСБ) в Казахстане. С начала своего функционирования Фонд

тәжірибесі бар. Қор өз қызметін бастағалы бері жалпы сомасы 33,3 млрд теңгеге шағын кәсіпкерліктің 2 878 жобасын тікелей қаржыландырды. Қаражатты келісіп орналастыру бағдарламаларын іске асыру барысында ШОБ 500 млрд теңгеден астам жалпы сомаға 10 000 астам жобасы қаржыландырылды.

2010 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ шағын кәсіпкерлікке берген несие қаражатының жиынтық көлемі нарық ішінде 690 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,4 %-ға кем көрсеткіш. Мұнымен қоса, 2010 жылы банктердің өз қаражаты есебінен қаржыландыру көлемін арттырғандығын байқауға болады. Ал, 2009 жылы ең алдымен, ШОБ секторына қолдау көрсету үшін Ұлттық қор бөлген 120 млрд теңге қаражатты игеру басталған сәуір-мамыр айларында банктердің шағын кәсіпкерлікке несие бөлуі «Даму» Қорының қаражатына тікелей байланысты болғандығын көруге болатын еді.

профинансировал напрямую 2 878 проектов малого предпринимательства на общую сумму 33,3 млрд тенге. В ходе реализации программ обусловленного размещения средств профинансировано более 10 000 проектов МСБ на общую сумму свыше 500 млрд тенге.

По итогам 2010 г. совокупный объем кредитных средств, предоставленных БВУ малому предпринимательству, на рынке составил 690 млрд тенге, что ниже значения данного показателя за аналогичный период прошлого года на 8,4 %. Вместе с этим в 2010 г. наблюдается увеличение банками объемов финансирования за счет собственных средств, тогда как в 2009 г. прослеживалась четкая зависимость кредитования малого предпринимательства банками от средств Фонда «Даму», в первую очередь в апреле–мае 2009 г., когда началось освоение средств в размере 120 млрд тенге, выделенных из Национального фонда для поддержки сектора МСБ.

**ШОБ (млн теңге) берілген несие көлемінің графигі**/ Данные по объемам кредитования МСБ (в млн тенге)







**Банктердің шағын кәсіпкерлікке берген несиелері**/ Кредиты, выданные малому предпринимательству банками

**«Даму» Қорының бағдарламалары бойынша берілген несие қаражаты**/ Кредитные средства по программам Фонда «Даму»

2010 жылы банктер шағын кәсіпкерлікті барынша несиелендірген тұста жеке ресурстардың есебінен «Даму» Қорының бағдарламалары бойынша берілген қаражаттың үлесі 22%-ға төмендеді. Бұл ҚР Үкіметінің Тұрақтандыру бағдарламалары (1–3 транштар) мен «Даму-Аймақтар» бағдарламасын іске қосқан уақытта жоспарланған ЕДБ өтімділігін ұстап тұру нәтижесіне қол жеткізілгендігін көрсетеді.

Осыларға орай, 2010 ж кәсіпкерлікті қолдау саясаты ұстанған бағытын дағдарыстан кейінгі даму мен кәсіпкерлік секторының орнықты өсуіне ықпалдасуға қарай бұрды. Осы мақсатта 2010 жылдың сәуір айында «Даму» Қоры шеңберінде кәсіпкерлердің несиелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялайтын, сонымен қатар, кәсіпкерлерге несие алған уақытта банктердің алдындағы кепілдіктерді беретін «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасы қабылданған болатын. 2010 жылдың қорытындысы бойынша «Даму» Қоры 135 субсидиялау шартын, 3 кепілдік беру шартын жасады, жасалған шарттардың шеңберінде 91,9 млрд теңге мөлшеріндегі портфель қамтылды.

2010 жылы «Даму» Қоры оқыту бағдарламаларын іске асыруын, кәсіпкерлерге кеңес беріп, қолдауын жалғастырды. Нәтижесінде, «Бизнес-кеңесші» атты қысқа мерзімді тренинг-оқыту бағдарламасы аясындағы тыңдаушылар саны 11 603 адамнан (2009 жылы) 16 504 адамға (2010 жылы) артты. Ақтөбе облысының кәсіпкерлеріне бухгалтерлік қызметтер көрсететін 2 аудан орталығы, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында 5 аймақтық кәсіпкерлікті қолдау орталықтары құрылды. «Даму» Қорының оқыту және кеңес беру бағдарламаларын табыспен орындап жатқандығын бағалай келе, ҚР Үкіметі бұл құралдарды «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасына кіргізді.

На фоне увеличения в 2010 г. кредитования банками малого предпринимательства за счет собственных ресурсов доля средств, выданных по программам Фонда «Даму», снизилась до 22%. Это свидетельствует о достижении эффекта по поддержанию ликвидности БВУ, который планировало Правительство РК при запуске Стабилизационной программы (1-й–3-й транши) и «Даму-Регионы».

Исходя из этого в 2010 г. политика поддержки предпринимательства сменила курс на посткризисное развитие и содействие устойчивому росту предпринимательского сектора. С этой целью в апреле 2010 г. была принята Программа «Дорожная карта бизнеса-2020», в рамках которой Фонд «Даму» осуществляет субсидирование процентных ставок по кредитам предпринимателей, а также предоставляет предпринимателям гарантии перед банками при получении ими кредитов. По результатам за 2010 г. Фондом «Даму» было заключено 135 договоров субсидирования, 3 договора гарантирования, в рамках заключенных договоров охвачен портфель в размере 91,9 млрд тенге.

В 2010 г. Фонд «Даму» продолжил масштабную работу по реализации программ обучения и консультационной поддержки предпринимателей. В результате количество слушателей в рамках Программы краткосрочного тренинг-обучения «Бизнес-Советник» увеличилось с 11 603 человек в 2009 г. до 16 504 человек в 2010-м. Было создано 2 районных центра по оказанию бухгалтерских услуг для предпринимателей в Актюбинской области, 5 региональных центров поддержки предпринимательства в Павлодарской, Карагандинской, Кызылординской, Южно-Казахстанской и Восточно-Казахстаской областях. Оценивая успешный опыт Фонда «Даму» по реализации программ обучения и консультационной поддержки, Правительство РК включило данные инструменты в Программу «Дорожная карта бизнеса-2020».

## 1.2. Қордың құрылу тарихы

«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Шағын кәсіпкерлік қорын құру туралы» ҚР Үкіметінің 26.04.1997 ж. №665 Қаулысына сәйкес құрылған[1].

Қор 2001 жылға дейін Отандық тауар өндірушілерді қолдау іс-шаралары бағдарламасы бойынша мемлекеттік бюджет қаражатының, сондай-ақ, Еуропаның қайта құру және даму банкінің және Азия даму банкінің несие желілерінің есебін жүргізу және жұмсалуын бақылау қызметін атқарып келді.

2002 жылдан бастап, Қор шағын бизнесті өз қаражаты есебінен тікелей несиелендіре бастады. «Даму» Қоры «Шағын кәсіпкерлік субъектілерін республикалық бюджет есебінен несиелендіру бағдарламасы» мен «2004–2006 жылдарға арналған шағын қалаларды дамыту бағдарламасын» жүзеге асырды.

2005 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметі 2005–2007 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жеделдетілген шаралар бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламаға сәйкес, 2005–2007 жж. Қор жобалық қаржыландыру, лизинг бағдарламалары мен шағын несие беру жүйесін Қазақстанда дамыту бағдарламасы, ШКС екінші деңгейлі банктерден алатын несиелерге кепілдік беру бағдарламалары арқылы шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп келді.

2006 жылдың қыркүйек айынан бастап, «Даму» Қоры «Қазына» Орнықты даму қоры» АҚ акционерлік холдингінің, ал 2008 жылдың қазан айынан бастап «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұлттық басқарушы холдингінің («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ) құрамында жұмыс істеп келеді.

[1] Қордың бұрынғы атауы: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.

## 1.2. История создания Фонда

АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» образован, согласно постановлению Правительства РК от 26.04.1997 г. № 665 «О создании фонда развития малого предпринимательства»[1].

До 2001 г. Фонд выполнял функции агента по учету и контролю использования средств государственного бюджета по Программе мер по поддержке отечественных товаропроизводителей, а также по кредитным линиям Европейского банка реконструкции и развития и Азиатского банка развития.

С 2002 г. Фонд начал кредитование малого бизнеса напрямую из собственных средств. Фондом «Даму» были реализованы «Программа кредитования субъектов малого предпринимательства из средств республиканского бюджета» и «Программа развития малых городов на 2004–2006 годы».

В мае 2005 г. Правительством РК была принята «Программа ускоренных мер по развитию малого и среднего предпринимательства в РК на 2005–2007 годы». В соответствии с данной программой в течение 2005–2007 гг. Фонд осуществлял поддержку малого предпринимательства посредством реализации программ проектного финансирования и лизинга, программы развития системы микрокредитования в Казахстане, программы гарантирования кредитов СМП, получаемых в банках второго уровня.

С сентября 2006 г. Фонд «Даму» функционирует в составе акционерного холдинга АО «Фонд устойчивого развития «Қазына», а с октября 2008 г. – в составе национального управляющего холдинга АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (АО «ФНБ «Самрук-Қазына»).

[1] Прежнее название Фонда: АО «Фонд развития малого предпринимательства».

2007 жылдың соңынан бері Қор ҚР Үкіметінің Тұрақтандыру бағдарламасының қаражатын келісіп орналастыруда оператор функцияларын орындайды.

2010 жылдан бері Қор «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының қаржы агенті болып табылады.

«Даму» Қорының филиалдары Қазақстанның барлық аймақтарында жұмыс істейді, жергілікті кәсіпкерлермен, қоғамдық ұйымдармен және жергілікті атқарушы билік органдарымен жұмыс істеу тәжірибесі мол.

*Негізгі лицензиялар туралы мәлімет*
«Даму» Қорының лицензиялары жоқ,

С конца 2007 г. Фонд осуществляет функции оператора по обусловленному размещению средств Стабилизационной программы Правительства РК.

С 2010 г. Фонд является финансовым агентом Программы «Дорожная карта бизнеса-2020».

Филиалы Фонда «Даму» работают во всех регионах Казахстана, имеют значительный опыт работы с местными предпринимателями, общественными организациями и местными исполнительными органами власти.

*Информация об основных лицензиях*
Лицензии у Фонда «Даму» отсутствуют.

## 1.3. Қордың миссиясы

«Даму» Қорының миссиясы – Қазақстандағы шағын және орта бизнестің сапалы дамуына жәрдемдесу.

## 1.4. Қордың мақсаттары мен міндеттері

**«Даму» Қорының негізгі мақсаттары:**

1. Республикалық және жергілікті бюджеттен, шетелдік донорлардан, сондай-ақ «Даму» Қорының жеке қаражаты есебінен қаражат тарту арқылы ШОБ субъектілерінің қаржыландырылу көлемін арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін алған қойылатын негізгі міндеттер:

- ОБ субъектілерінің несие ресурстарына қол жетімділігін арттыру;
- Аймақтардағы және салалардағы ШОБ субъектілерін барынша қамту жолымен несие ресурстарын тиімді үлестіру.

2. Экономиканың шикізат емес секторларындағы кәсіпкерліктің қаржыландырылуының артуын ынталандыру.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер орындалатын болады:

- «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының 1–3 бағыттары шеңберінде қаржы агенті функцияларын тиімді орындау;
- ШОБ инновациялылығын, техникалық қайта жарақталуын арттыруға ықпалдасу.

3. Халықтың кәсіпкерлік әлеуетін күшейтуге бағытталған әлеуетті және іс басындағы кәсіпкерлерге көрсетілетін қаржылай емес демеу көлемін арттыру.

## 1.3. Миссия Фонда

Миссией Фонда «Даму» является содействие качественному развитию малого и среднего бизнеса Казахстана.

## 1.4. Цели и задачи Фонда

**Основные цели Фонда «Даму»:**

1. Увеличение объемов и обеспечение доступности финансирования субъектов МСБ за счет привлечения средств из республиканского и местного бюджетов, иностранных доноров, а также собственных средств Фонда «Даму».

Основными задачами для достижения данной цели являются:

- повышение доступности кредитных ресурсов для субъектов МСБ;
- эффективное распределение кредитных ресурсов путем максимального охвата субъектов МСБ в региональном и отраслевом разрезах.

2. Стимулирование увеличения финансирования предпринимательства в несырьевых секторах экономики.

Для достижения данной цели будут выполнены следующие задачи:

- качественное выполнение функций финансового агента в рамках 1-го–3-го направлений Программы «Дорожная карта бизнеса-2020»;
- содействие повышению инновационности, техническому перевооружению МСБ.

3. Увеличение охвата потенциальных и действующих предпринимателей нефинансовой поддержкой, направленной на усиление предпринимательского потенциала населения.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін алған қойылатын негізгі міндеттер:

- «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының 4-бағытының Операторы функцияларын сапалы орындау;
- ШОБ субъектілері мен кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа ақпараттық-сараптамалық кеңес беру қызметтерін ұсынатын қашықтықтағы құралдарды енгізу;
- Қаржылай емес қолдау көрсетілетін субъектілердің күшін біріктіру, олар көрсететін қызметтерді стандарттау, сондай-ақ осы саладағы шетелдік тәжірибені өзімізде қолдану арқылы Қазақстанның бүкіл аймақтарында кәсіпкерлікке қаржылай емес демеу көрсету инфрақұрылымдарын дамыту;
- ШОБ секторының дамуына мониторинг және сараптамалық зерттеулер жүргізу.

4. «Даму» Қоры қызметінің тиімділігін арттыру.
Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер орындалатын болады:

- Активтерді тиімді басқару;
- Тәуекелдерді басқару ұстанымдарын Қорды басқарудың барлық процестеріне енгізу;
- Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру және әлемнің үздік тәжірибе нормаларын енгізу;
- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобының кадрлық саясат ұстанымдарын ескере отырып, кадрлық саясат жүргізу;
- Қазақстандық құрамды көбейту;
- Аймақтарды дамыту және кәсіпкерлер мен дамыту институттарының арасында «бірыңғай терезе» мен байланыстырушы буын функцияларын орындау;
- Халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Основными задачами для достижения данной цели являются:

- качественное выполнение функций Оператора 4-го направления Программы «Дорожная карта бизнеса-2020»;
- внедрение дистанционных инструментов оказания информационно-аналитических и консультационных услуг для субъектов МСБ и населения с предпринимательской инициативой;
- развитие во всех регионах Казахстана инфраструктуры нефинансовой поддержки предпринимательства путем слияния усилий субъектов нефинансовой поддержки, стандартизации предоставляемых ими услуг, а также заимствования и ретрансляции успешного зарубежного опыта в этой области;
- осуществление мониторинга и проведение регулярных аналитических исследований развития сектора МСБ.

4. Повышение эффективности деятельности Фонда «Даму».
Для реализации данной цели будут выполнены следующие задачи:

- эффективное управление активами;
- внедрение принципов управления рисками во все процессы управления Фондом;
- обеспечение информационной безопасности Фонда;
- совершенствование корпоративного управления и внедрение норм лучшей мировой практики;
- ведение кадровой политики с учетом принципов кадровой политики группы компаний АО «ФНБ «Самрук-Қазына»;
- повышение казахстанского содержания;
- региональное развитие и выполнение функций «единого окна» и связующего звена между предпринимателями и институтами развития;
- развитие международного сотрудничества.

### 1.5. Қордың стратегиялық дамуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарысқа қарсы Тұрақтандыру бағдарламасы өз міндетін орындады: мемлекет ШОБ-қа арналған несие ресурстарының тапшылығын азайтумен қатар, банк өтімділігін қалпына келтіру және банктер нарық ресурстарының есебінен қайта несие бере бастау үшін жағдайлар жасады. Осы орайда ШОБ қолдау және дамыту саясаты қайта қаралып, экономиканың осы секторының дағдарыстан кейінгі дамуын қамтамасыз етуді нысанасына алуы тиіс.

Біріншіден, бұл кәсіпкерлікті дамытуға арналған қаржы көздері мен оның мақсатты арнауына қатысты болады. ЕДБ қайта несие бергенімен «астыртын жабын» іспеттес ауқымды бағдарламалардың іске асырылуы бұрынғыдай жоғары нәтиже бере қоймайды. «Даму» Қорының жаңа бағдарламаларының шеңберінде жергілікті бюджеттен, шетелдік қорландыру ұйымдары мен донорлардан тартылатын, сондай-ақ Қордың қаражатының есебінен қалыптасатын несие ресурстарының аймақтар мен салаларға тиімді орналастырылуы өзекті мәселе болып табылады. Осы мақсатта Қор 2010 жылдан бастап, «Даму-Аймақтар II», ШОК субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасы мен Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағдарламасы іске асырыла бастады. 2011 жылы шағын қалалардағы ШОК жобаларын қаржыландыру бағдарламаларын, Алматы және Астана қалаларында қызмет (сервис) көрсету саласында жұмыс істейтін ЖКС қаржыландыру бағдарламаларын, Азия Даму Банкінің желісі бойынша ШОБ қаржыландыру бағдарламаларын іске қосу жоспарланып отыр. Осылармен қатар «Даму» Қоры Тұрақтандыру бағдарламасының (1–3 транштар), «Даму-Аймақтар» Бағдарламаларын, «Даму-Өндіріс» Бағдарламаларын, серіктес банктер несие өтеу кестесіне сәйкес бөлген қаражатын түгелімен қайтарып алғанша Қазақстандағы МҚҰ дамыту Бағдарламаларын жалғастыратын болады.

### 1.5. Стратегическое развитие Фонда

Антикризисная Стабилизационная программа Правительства Республики Казахстан свою задачу выполнила: помимо сокращения дефицита кредитных ресурсов для МСБ, государством были созданы условия для восстановления банковской ликвидности и возобновления банками кредитования за счет рыночных ресурсов. В этой связи политика поддержки и развития МСБ должна быть пересмотрена и нацелена на обеспечение посткризисного развития данного сектора экономики.

Во-первых, это касается источников и целевого назначения средств на развитие предпринимательства. В условиях возобновления кредитования БВУ реализация масштабных программ «коврового покрытия» столь значительного эффекта уже не даст. В рамках новых программ Фонда «Даму» актуальной задачей является эффективное региональное и отраслевое распределение кредитных ресурсов, привлекаемых из местных бюджетов, от иностранных фондирующих организаций и доноров, а также формируемых за счет собственных средств Фонда. С этой целью Фондом с 2010 г. начата реализация таких программ, как «Даму-Регионы II», Программа регионального финансирования субъектов МСП, Программа развития женского предпринимательства. В 2011 г. планируется запуск Программы финансирования проектов МСП в малых городах, Программы по финансированию СЧП, занятых в сфере предоставления услуг (сервиса) в городах Алматы и Астана, Программы финансирования МСБ по линии Азиатского банка развития. Параллельно Фонд «Даму» продолжит выполнять функции оператора Стабилизационной программы (1-й–3-й транши), Программы «Даму-Регионы», Программы «Даму-Өндіріс», Программы по развитию МКО в Казахстане до полного возврата банками-партнерами выделенных им средств в соответствии с графиками погашения.

Екіншіден, кәсіпкерлік секторды әртараптандыру шеңберінде «Даму» Қоры бағдарламаларының бөлек бір блогы экономиканың шикізат емес секторларындағы кәсіпкерліктің қаржыландырылуын арттыру ісімен айналысуы тиіс. Осы мақсаттан Қор 2010 жылдан бастап, «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының 1–3 бағыттарының шеңберінде экономиканың басымдықтағы секторларындағы кәсіпкерлерге берілетін несиелерің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялайтын және мұндай несиелерге кепілдік беретін қаржы агенті функциясын орындап келеді. Бұдан басқа, Қор өңдеуші өнеркәсіптегі ШОБ субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру Бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Қор шикізат емес секторындағы кәсіпкерлерге сарапшылық қолдау көрсету үшін 2011 жылы «Аға сарапшылар» жобасы мен Франчайзингті дамыту бағдарламаларын іске асыруда жоспарлап отыр.

Үшіншіден, кәсіпкерлікпен айналысатын халық санын арттыру және кәсіпкерлік құзырының деңгейін көтеру үшін «Даму» Қорының міндеті – халықтың кәсіпкерлік әлеуетін күшейтуге бағытталған қаржылай емес қолдау құралдарын енгізу. Бұл істі «Даму» Қоры ең алдымен, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге қолдау көрсетілуді, шағын және орта бизнес топ-менеджментінің оқытылуын, басталған бизнестің жүргізілуіне сервистік қолдаудың көрсетілуін көздейтін «Бизнестің жол картасы-2020» Бағдарламасының 4-бағытының операторы ретінде атқаратын болады.

Мұнымен қоса, осы істің шеңберінде Қор 2011 жылдан бастап, кәсіпкерлер мен бизнес-порталға арналған Call-орталықтың жұмысын іске қоспақшы. Кәсіпкерлермен кері байланыс орнату үшін жүйелі түрде өткізіліп тұратын сараптамалық зерттеулер мен форумдардың жұмысын жалғастыру жоспарлануда.

Во-вторых, в рамках диверсификации предпринимательского сектора отдельный блок программ Фонда «Даму» должен быть нацелен на увеличение финансирования предпринимательства в несырьевых секторах экономики. С этой целью Фонд с 2010 г. выполняет функции финансового агента субсидирования процентных ставок и гарантирования по кредитам для предпринимателей приоритетных секторов экономики в рамках 1-го–3-го направлений Программы «Дорожная карта бизнеса-2020». Помимо этого, Фонд осуществляет реализацию Программ финансирования лизинговых сделок субъектов МСБ в обрабатывающей промышленности. Для экспертной поддержки предпринимателей несырьевых секторов Фондом в 2011 г. планируется начало реализации проекта «Старшие эксперты» и Программы развития франчайзинга.

В-третьих, для обеспечения большей вовлеченности населения в предпринимательство и повышения уровня компетенции предпринимателей задачей Фонда «Даму» является внедрение инструментов нефинансовой поддержки, направленной на усиление предпринимательского потенциала населения. Данную работу Фонд «Даму» будет выполнять в первую очередь в качестве оператора 4-го направления Программы «Дорожная карта бизнеса-2020», которое включает поддержку начинающих предпринимателей, обучение топ-менеджмента малого и среднего бизнеса, оказание сервисной поддержки ведения действующего бизнеса, проект «Деловые связи». Также в рамках данной работы с 2011 г. Фонд планирует запуск Call-центра для предпринимателей и бизнес-портала. Для обеспечения обратной связи с предпринимателями планируется продолжить проведение регулярных аналитических исследований и форумов.

Реализация всех мероприятий в рамках основной деятельности непрерывно связана с работой по повышению эффективности функционирования Фонда «Даму», включая эффективное управление активами, риск-менеджмент,

Негізгі қызмет шеңберінде орындалатын іс-шаралардың барлығы активтердің тиімді басқарылуын, тәуекел-менеджментті, корпоративтік басқарылуын жетілдіруді және әлемнің үздік тәжірибе нормаларының енгізілуін, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» компаниялар тобының кадрлық саясат ұстанымдарының ескерілуімен, кадрлық саясаттың енгізілуін, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықтың дамытылуын қоса алғанда, «Даму» Қорының тиімді қызмет атқаруын арттыру жұмысымен тікелей байланысты.

совершенствование корпоративного управления и внедрение норм лучшей мировой практики, ведение кадровой политики с учетом принципов кадровой политики группы компаний АО «ФНБ «Самрук-Қазына», а также развитие международного сотрудничества.

## 1.6. Елеулі корпоративтік оқиғалар

**Қаңтар**
Қарағанды облысы әкімдігімен бірлесе отырып, Қарағанды қаласында «Бизнес-кеңесші» Бағдарламас: тәжірибе, қорытынды және перспективалар» тақырыбына арналған алғашқы республикалық семинар-кеңес өткізілді.

**Ақпан**
Қарағанды облысы әкімдігі мен «Даму» Қоры арасында ШОБ-ты қолдау саласындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

**Наурыз**
ШОБ субъектілерін аймақтық қаржыландыру бағдарламасы (Нүктелік қаржыландыру бағдарламасы) бойынша Ақмола облысы әкімдігі мен «Даму» Қоры арасында Несие шартына қол қойылды.

**Сәуір**
- «Бизнес-кеңесші» оқыту-тренингі Бағдарламасының II-кезеңі басталды.
- ЕДБ мен лизингтік компаниялар арқылы өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру Бағдарламалары іске асырыла бастады.
- Шағын және орта бизнестің кореялық қауымдастығы мен «Даму» Қоры арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
- «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы іске асырыла бастады. Бұл бағдарламаның шеңберінде «Даму» Қоры пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялайтын және кәсіпкерлікке берілген несиелерге кепілдік беретін қаржы агенті функцияларын орындайды.

## 1.6. Существенные корпоративные события

**Январь**
Проведение совместно с акиматом Карагандинской области Первого республиканского семинара-совещания на тему: «Программа «Бизнес-Советник»: опыт, итоги и перспективы», г. Караганда.

**Февраль**
Подписан Меморандум о взаимном сотрудничестве в сфере поддержки МСБ между акиматом Карагандинской области и Фондом «Даму».

**Март**
Подписан кредитный договор по Программе регионального финансирования субъектов МСБ (Программа точечного финансирования) между акиматом Акмолинской области и Фондом «Даму».

**Апрель**
- Старт II этапа реализации Программы тренинг-обучения «Бизнес-Советник».
- Начата реализация Программы финансирования лизинговых сделок субъектов малого и среднего предпринимательства, занятых в сфере обрабатывающей промышленности через БВУ и лизинговые компании.
- Подписан Меморандум о взаимопонимании между Корейской ассоциацией малого и среднего бизнеса и Фондом «Даму».
- Начало реализации Программы «Дорожная карта бизнеса-2020», в рамках которой за Фондом «Даму» закреплены функции финансового агента субсидирования процентных ставок и гарантирования кредитов предпринимателей.

**Мамыр**

- «Даму» Қорына Қазақстан-Үнді кәсіпкерлікті қолдау орталығын құру мәселесін талқылау үшін жұмыс сапарымен Үндістанның кәсіпкерлікті дамыту институтының (Ахмедабад) делегациясы келді.
- «Даму» Қоры Басқармасының Төрағасы Б.Т. Мұқұшев Мәскеу қаласында өткен «Шағын және орта бизнесті дамыту» тақырыбындағы II Жыл сайынғы іскерлік форумға қатысты.

**Маусым**

- «Хабар» телеарнасынан мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге бағытталған «Бір болайық» / «Вместе» телебағдарламасы көрсетіле бастады.
- «Даму» Қоры Геоақпараттық сараптамалық жүйесіне www.gis.damu.kz кіру мүмкіндігін алып, оның баспасөз құралдарына арналған тұсаукесері өтті.

**Шілде**

- Техникалық қолдау көрсету жөніндегі Германия қоғамы (GTZ) мен «Даму» Қоры арасында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
- «Даму» Қорының 2010 жылдың бірінші жартысында атқарған жұмыстарының қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өткізілді.

**Тамыз**

- Ақтөбе облысы Әкімдігі, Салық департаменті және «Даму» Қоры арасында Ақтөбе облысындағы кәсіпкерлерге бухгалтерлік қызметтер көрсетілген және кеңестер берілген уақытта ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
- «KPMG Tax and Advisory» ЖШС компаниясы «Даму» Қорындағы корпоративтік басқаруға диагностика жүргізіп болды.

**Қыркүйек**

- «Даму» Қорының өкілдері Қазақстанда Кәсіпкерлікті өнеркәсіптік дамыту орталығын құру мәселесі бой-

**Май**

